



«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-дағы кадрлық тағайындаулар

Акционерлер туралы келісім ережелеріне сәйкес, Қоғамда әр үш жыл сайын жоғары буын және бөлімшелер басшыларын ротациялау жүйесі енгізілген. Биыл осы жүйе аясында Директорлар кеңесінің шешімімен жаңа басшылар тағайындалды



Вэнь Цзяцзюнь
«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директоры



Болат Сүлейменұлы Сейтмағанбетов
«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ
Бас директордың бірінші орынбасары



Марат Қайырбекұлы Елеусінов
«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ
бас директорының өндіріс мәселелері
жөніндегі орынбасары



Ян Лисинь
«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ
бас директорының геология және
игеру жөніндегі орынбасары



Нұрбол Сұлтанұлы Пірмағанбетов
«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ
бас директорының экономика және
қаржы жөніндегі орынбасары



Чэнь Цзунсян
«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ
бас директорының коммерциялық
мәселелер жөніндегі орынбасары



Ван Хайцзюнь
«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ
бас директорының адам ресурстарын
басқару жөніндегі орынбасары

МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

ЕҢБЕККЕ ҚҰРМЕТ

Қазақстанда қарашаның үшінші сенбісі ерекше мерекеге айналды – бұл күн бұрғышылардың кәсіби мейрамы. Жер қойнауын игеру, қазба байлықтарды ел игілігіне айналдыру – осы бір қажырлы еңбекті талап ететін кәсіп иелерінің арқасында жүзеге асуда.

«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының Ұңғымаларды бұрғылау және күрделі жөндеу департаменті осы жауапты істің алдыңғы қатарында. Бұл ұжымның табандылығы мен кәсібилігі компанияның дамуында маңызды рөл атқарып, ел экономикасының нығаюына ықпал етеді.

Биылғы жылы департамент мамандары өндірісті жетілдіру және қауіпсіздік мәдениетін арттыру бағытында бірқатар ауқымды жобаларды жүзеге асырды:

Ұңғымаларды күрделі жөндеудің тиімділігін арттыру. Жаңа технологиялар мен жабдықтарды ескере отырып, күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу мерзімдерін оңтайландыру мақсатында нормативтік кестелер жаңартылды.

Газ факторы жоғары ұңғымаларды зерттеу. Қаламқас кен орнында химиялық реагенттерді іріктеу арқылы ұңғымалардың өнімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған зерттеулер жүргізілуде. Бұл бағытта «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС мамандарымен бірлесе жұмыс атқарылуда.

Еңбек қауіпсіздігі: «Ақылды каска». Департамент жаңа буын қорғаныс құралын енгізу бойынша жұмыс жүргізуде. «Ақылды каска» қызметкерлердің орналасқан жерін бақылау, қауіпті газдарды анықтау, бейнежазба жасау және шұғыл көмек көрсету сынды функцияларды қамтиды.

Коррозияға қарсы күрес. Ұңғымалардың пайдалану тізбектерінің мерзімінен бұрын тозуын болдырмау үшін ғылыми-зерттеу жұмыстары



басталды. Бұл зерттеулер ұңғымалардың қызмет мерзімін ұзартуға бағытталған.

2015 жылдан бері Ұңғымаларды бұрғылау және күрделі жөндеу департаментінің көмегімен 1737 ұңғыма іске қосылып, қосымша 2,6 миллион тонна мұнай өндірілді. Бұл – департамент ұжымының ерен еңбегінің көрінісі. 14 қараша күні компания басшылығы бұрғышылар мен осы

салада еңбек сіңірген ардагерлерді құттықтап, олардың мұнай-газ саласына қосқан зор үлесін атап өтті. Ардагерлерге ерекше алғыс білдіріліп, алғыс хаттар табысталды.

Бұл күн – еңбегі ел игілігіне айналған жандарға ризашылық білдірудің айрықша сәті. Бұрғышылардың кәсібилігі мен табандылығы ел болашағын нығайтуға қосылған елеулі үлес.

2025 ЖЫЛ – ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ

Ел экономикасының дамуында жұмысшы мамандықтардың рөлі ерекше. Осыған орай, 21 қараша күні ұйымдастырылған «Жұмысшы мамандықтар күні» атты облыстық шара жастарға үлгі боларлықтай мазмұнды өтті. Оған 400-ден астам мектеп оқушылары мен студенттер қатысты.

Жастар арасында еңбекқорлықты насихаттап, жұмысшы мамандықтарға деген құрметті арттыруды көздеген шарада жастар сұранысқа ие жұмысшы мамандықтар туралы кең мағлұмат алды. Түрлі салада еңбек етіп жүрген мамандар өз тәжірибелерімен бөлісіп, жастардың қойған сұрақтарына жауап берді.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-нан қонақ болып шақырылған әріптестеріміз Ержан Есполов пен Базарбай Жұмаханов Маңғыстау облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі үшін облыс әкімінің алғыс хатымен марапатталды. Бұл құрмет әріптестеріміздің адал еңбегінің лайықты бағалануы ғана емес, жастарға үлгі боларлықтай жоғары мәртебе.

Өз кәсібінің шебері болуға ұмтылған жастар үшін мұндай шаралардың маңызы зор. Біздің білікті мамандарымызды жастарға үлгі еткен ұйымдастырушылар: Маңғыстау облысының әкімдігі, Маңғыстау облысының жастар басқармасы және «Риза-Ана» қоғамдық қорына алғысымыз шексіз! Еңбекпен өркендеген елдің болашағы жарқын!



КЕН ОРЫНДАРҒА 367 ТҮП АҒАШ ОТЫРҒЫЗЫЛДЫ

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ «Таза Қазақстан» акциясы аясында ауқымды көгалдандыру жұмыстарын жүзеге асырды. Бұл бастама Қаламқас және Жетібай кенорындарында 367 түп ағаш отырғызуды қамтыды.

Өңірдің экологиялық жағдайын жақсартып, өндіріс аймақтарында қолайлы әрі салауатты еңбек ортасын құруды көздеген шарада әрбір цех пен өндіріс алаңының жасыл желекке бөленуіне ерекше назар аударылды.

Күзгі көгалдандыру бірнеше кезеңге бөлініп, жүзеге асырылды. 12 қазан 2024 жылы «Қазмұнайгаз» ҰК» АҚ еншілес компаниялары бірлескен акциядан бастау алған шара жақында мәресіне жетті.

Мұнайшылар отырғызылған көшеттердің сапасы мен топырақтың мұқият дайындалуына айрықша мән беріп, ағаштардың жерсініп, өсуі үшін бар күш-жігерін жұмсайды.

Компания табиғатты қорғау мен экологиялық тұрақтылықты сақтау бағытындағы жұмыстарын одан әрі дамытуды көздейді. Экологияға қосқан үлес – болашақ ұрпаққа жасалған маңызды аманат.



ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ ЦИФРЛАНДЫ

2023 жылдан бастап «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ құрылымдық және өндірістік бөлімшелерінде «Өндірістік экологиялық бақылау» (ӨЭБ) жүргізудің электронды модулі енгізілді. Бұл жаңа жүйе экологиялық бақылау процесін автоматтандыруға және өндірістік тиімділікті арттыруға мүмкіндік береді.

Бағдарламаны енгізу барысында төмендегідей нәтижелерге қол жеткізілді:

Жүйенің тұрақты жұмысы: «ӨЭБ» бағдарламасы үзіліссіз жұмыс істеп, деректерді дәл және уақытылы алуға жағдай жасайды.



Ақпаратқа жедел қолжетімділік: Жүйе экологиялық деректерді жинақтап, нақты ақпарат қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қателіктерді бақылау: Қателіктерді анықтап, түзету процестерін тиімді басқаруға жағдай жасайды.

Электронды модульді енгізу аясында «Жетібай-мұнайгаз» және «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік бөлімшелерінде арнайы жиналыстар өткізілді. Бұл жиналыстарда «ӨЭБ» бағдарламасын қолдану бойынша нұсқаулықтар мен презентациялар көрсетіліп, барлық қатысушылардың ұсыныстары мен ескертулері ескерілді. Қызметкерлердің білімін жетілдіру мақсатында дайындалған бейнематериалдар «ASPANS» платформа-сына жүктелген (<https://mmg.object.aspans.com/ru>).

Жиналыс нәтижелері бойынша ұсыныстар хаттамаға енгізіліп, модульді жұмыс барысында басшылыққа алу үшін арнайы бұйрық дайындалып жатыр.

Бұл электронды жүйе компанияның экологиялық қауіпсіздік деңгейін арттырып, өндірістегі процестерді заманауи талаптарға сай жүргізуге бағытталған маңызды қадам болып табылады.

Маңғыстаумұнайгаздың жаңа мүмкіндіктері экологияны сақтауға бағытталған жауапты қадамдарын көрсетеді.

ҮНДЕУ

Құрметті әріптестер!

Өндірістік қызметтің ең маңызды аспектілерінің бірі – еңбек қауіпсіздігі. Бұл мәселе барлығымызға қатысты. Өндірістік ортада күнделікті кездесетін түрлі тәуекелдер мен қауіпті жағдайлардың алдын алу үшін еңбек қауіпсіздігіне ерекше көңіл бөлінуі тиіс. Қаламқас кен орнында еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында атқарылып жатқан жұмыстар, осы міндеттің қаншалықты маңызды екенін тағы да айқындайды.

Қазіргі кезде «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасында қауіпсіздік шараларына қатысты бірқатар маңызды іс-шаралар жүзеге асырылуда. Өндірістік қауіпсіздікті арттыру мақсатында жаңадан жабдықталған оқу орталықтары мен кеңселер жұмыс істеуде. Бұл орталықтар қызметкерлердің кәсіби біліктілігін арттыруға, қауіпсіздік ережелерін меңгеруге және жаңа өндірістік құралдарды тиімді пайдалануға бағытталған. Өндірісте орын алған қауіптер мен тәуекелдерді анықтап, оларды басқару үшін тұрақты түрде оқыту мен түсіндіру жұмыстарын жүргізу, әрбір қызметкердің қауіпсіздікке деген жауапкершілігін ұлғайту – басты мақсатымыз.

Қаламқас кен орнында еңбек қауіпсіздігіне қатысты тағы бір маңызды жаңалық – LOTO жүйесінің енгізілуі. Бұл жүйе өндірісте электрлік және механи-

калық құралдардың қауіпсіз пайдалануын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, жұмысшыларымыздың қауіпсіздігі үшін әрдайым жаңа технологиялар мен әдістер енгізілуде. Өндіріс орындарында осы жүйенің тиімділігі мен маңыздылығын арттыру үшін үнемі практикалық жаттығулар өткізіліп, қауіпсіздік ережелерінің сақталуы қатаң бақылауға алынады.

Өндірістегі қауіпсіздік мәселесі тек жұмысшылардың міндеті ғана емес, барлық деңгейдегі басшылардың да негізгі жауапкершілігі болып табылады. Бұл орайда, мердігер ұйымдармен бірлесіп жұмыс жасау және олардың қауіпсіздік талаптарын орындауына бақылау жүргізу үлкен маңызға ие. Қауіпсіздік жағдайын жақсарту мақсатында тұрақты түрде кездесулер өткізіліп, барша қызметкерлердің қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру үшін бірқатар шаралар қолға алынуда. Қауіпсіз еңбек ету, біздің алдымызда тұрған ең басты мақсат болып қала береді. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін біз тек құрал-жабдықтар мен технологияларды дұрыс пайдалану арқылы ғана емес, өзіміздің күнделікті іс-әрекеттерімізде де қауіпсіздік ережелерін сақтауды қамтамасыз етуіміз керек.

Баршаңызға ұсынылатын еңбек қауіпсіздігі бойынша басты қағидаларды ұмытпаңыздар:

1. Қорғайтын жабдықты бұғаттау немесе ажырату алдында рұқсат алыңыз.



2. Жабық кеңістікке кірер алдында рұқсат алыңыз.

3. Көлікті қауіпсіз жүргізу ережелерін сақтаңыз.

4. Жұмысты бастамас бұрын энергия көздерінің оқшаулауын және кернеудің жоқтығын тексеріңіз.

5. Тез жанатын заттар мен тұтану көздерін бақылаңыз.

6. Қауіпті аймаққа кірмеңіз және оған басқа адамдардың кіруіне жол бермеңіз.

7. Жүк көтеру жұмыстарын жоспарлаңыз және жүк көтеру кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз етіңіз.

8. Жұмысты тек қолданыстағы рұқсат-шақтама болған жағдайда жасаңыз.

9. Биіктікте жұмыс істегенде, өзіңізді құлаудан сақтандырыңыз.

Өндірістегі кез келген қателік немесе немқұрайлылық ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін. Сол себепті, жұмыс орнындағы қауіпті жағдайлардан аулақ болу үшін әрқашан сақтық танытып, тәуекелдерді азайтуға күш салуымыз қажет. Әрқайсымыздың үйге аман-есен оралуымыз – басты мақсатымыз. Бұл тек жеке жауапкершілік ғана емес, ұжымдық міндет. Өзіміздің және әріптестеріміздің қауіпсіздігі үшін бірге әрекет етіп, қауіпсіздік мәдениетін нығайтуға бар күшімізді салайық. Сіздің қауіпсіздігіңіз – біздің ортақ жетістігіміздің кепілі!

М.К.Нурғабылов
«Қаламқасмұнайгаз» ӨБ-ның бастығы

ҚЫСТЫҢ КӨЗІ ҚЫРАУДА

2024 жылы қарашаның 21 күні сағат 9:00-де “Қысқы кезеңдегі жағдайларда төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі іс-қимылдарға Азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесінің басқару органдары мен күштерін дайындау” тақырыбы бойынша “Қыс-2024” Республикалық командалық-штабтық жаттығуы өтті.

Жаттығу Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігінің тапсырмасына сәйкес Қарақия ауданы әкімдігінің ұйымдастыруымен өткізілді.

Жаттығу барысында «Жетібаймұнайгаз» ӨБ әкімшілік ғимаратының алдына жеке құраммен және техникалармен саптық жиын жасалды. Аталған саптық жиынға Қарақия аудандық Төтенше жағдайлар бөлімі, «Жетібаймұнайгаз» ӨБ және басқа да мердігер мекемелер мамандары қатысты.

«Жетібаймұнайгаз» ӨБ-нан арнайы техникалармен бірге Азаматтық қорғау құрылымдары жұмылдырылды. Өткізілген іс шара жоспардағыдай жүзеге асырылды.



ТІЛСІЗ ЖАУДАН САҚТАНАЙЫҚ

«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы Қауіпсіздік және еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау департаменті Өрт қауіпсіздігі қызметінің алдына қойған басты мақсаты - өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауды қамтамасыз ету арқылы адамдардың өміріне, денсаулығына төнетін қауіптерді және Қоғам мүліктеріне келетін шығындарды мейлінше азайту.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 02.09.2024ж. №13/7118 хаты бойынша (күзгі-қысқы мезгілге дайындық туралы) нысандарда төтенше жағдайларды (өрт, жану оқиғасы т.б) болдырмау және алдын алу мақсатында жұмысшылармен өрт қауіпсіздігі шаралары туралы нұсқама өткізіліп, нысандардың аумағын жанғыш қоқыстан, құрғақ шөптерден тазарту, мұнаймен ластануына жол бермеу, электр жабдықтарының, жылыту пештерінің жағдайын бақылау бағытында тексеру жұмыстары жүргізілді.

Қаламқас және Жетібай кен орнындағы «Семсер-Өрт Сөндіруші» ЖШС өрт сөндіру командаларының жауынгерлік дайындығын шыңдау барысында, Маңғыстау облысы Төтенше жағдайлар департаменті бөлімшелерімен бірлесе отырып «Қаламқасмұнайгаз» және «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармаларының өрт қауіпті нысандарында орналасқан мұнай қазандарында және ұңғыларында бірлескен өрт-тактикалық оқу жаттығулары өткізілді.

Әкімшілік, өндірістік нысандар, қоймалар өрт қауіпсіздігі талаптарына сай автоматты өрт дабылқаққыштарымен жабдықталған. Автоматты өрт сөндіру жүйелерінің, автоматты өрт дабылқаққыштарының жұмыс қабілеттігін қамтамасыз етумен және оларға қызмет көрсе-



тумен келісім-шарт бойынша «Мұнайтелеком» ЖШС жүргізеді.

Қоғам нысандарын өрттен қорғаумен мемлекеттік емес өртке қарсы қызмет «Семсер-Өрт сөндіруші» ЖШС айналысады. Нысандардың өртке қарсы ішкі және сыртқы сүмен жабдықталуына, су жүйелерінің жай-күйіне аталмыш серіктестіктің қызметкерлері бақылау жасайды.

Мемлекеттік емес өртке қарсы қызмет бөлімшелерінің дайындығына кесте бойынша Қауіпсіздік және еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау департаменті Өрт қауіпсіздігі қызметі басшылығы тексеру жүргізді.

Вахталық кенттерде жатақхана персоналымен өртке қарсы қызметтің өзара іс-қимылдарын ұйымдастыру мақсатында оқу-жаттығу сабақтары өткізіліп тұрады.

Өрттің шығуының басты себептері - дәнекерлеу жұмыстарын жүргізу кезінде өрт қауіпсіздігі ережелерінің талаптарын сақтамау, ток жүйелерінің қысқа тұйықталуы, белгіленбеген жерде темекі шегу т.с.с. «Өрттілсіз жау» екенін әрдайым есімізде сақтап, өрт қауіпсіздігі ережелері талаптарын орындап жүрсек, өз өміріміз бен денсаулығымызға араша боларымыз сөзсіз.

ҚЖЕК ҚОҚД Өрт қауіпсіздігі қызметі



Еңбек жолымды 1959 жылы МНГР тресінің ГПК (Геологиялық іздеуі конторы) Жетібай алаңындағы № 3 құрылымдық барлау партиясы бригадасында моторшыдан бастадым. Ол кезде мұнай, газ ізделініп жатыр, бірақ табыла қоймаған кез. 1959-1960 жылдарда Әдекең сиректеу болса да Жетібайға келіп, бұрғылау журналынан керекті материалдарды жазып, жиналған керндерді учаске геологы Бекен Алиевпен бірге қарап жүргенін бірнеше рет көруге тура келді. Оның Түбіжік, Қызан, Жетібай алаңдары бойынша геологиялық есеп жазып, оны Гурьевтегі Батыс Қазақстан Геологиялық Басқарма коллегиясы мамандарының талқылауына ұсынайын деп жүргенін кейін білдік. Ағамен 45 жылдай бір мекемеде - МНГР-де қызметтес болдым. Зейнеткерлер қатарына шыққаннан кейінде қаланың 26 шағын ауданында тұрдық, Әділ ағамыздың Әмина жеңгеймен кешкі серуендеп жүргенінде анда-санда кездесіп, амандық, саулық сұрасатын едік. Аға жөнінде жазылған кітаптар біршама бар, болашақта да жазыла беретініне сенімдімін, мен тек соңғы жылдардағы бір кездесуімді еске сала кетуді жөн көріп отырмын.

Әдекең аға мұнай, газ іздеу саласы бойынша Маңғыстау жастары арасынан шыққан алғашқы геолог. Алматыдан Қазақ мемлекеттік университетін 1957 жылы бітіріп, еңбек жолын сол жылы Форт Шевченко қаласында жаңадан құрылып жатқан Маңғыстау мұнай-газ барлау тресіне (МНГР) қарасты геологиялық контордың Түбіжік партиясында коллектор (кіші геолог) қызметінен бастады. Асыққанмен болмас, ағаның еңбек жолынан қысқаша мәлімет бере кеткеніміз орынды деп есептеймін. Жетібай, Түбіжік, Қошақ, Ақшымырау барлау алаңдарында (1959-1961), Ера-лыдағы карта-сурет түсіру партияларында (1961-1963) камералды топтың, сондағы ірілендірілген құрылым іздеуі

партиясының аға геологы (1963-1964), бас геологы (1964-1967), Ақтаудағы геологиялық іздеуі мұнай экспедициясының (1967-1971), кейіннен қайтадан геологиялық іздеуі партиясы деп аталған мекеменің (1971-1986) бас геологы болып істеді. Аты қанша рет өзгергенмен ұжым сол күйінде қалды. Ал, 1988 жылдан бастап тарап кеткенге дейін, түбекте алғаш құрылған Маңғыстау геофизикалық экспедициясының бастығы және президенті қызметтерін атқарды. Осылай өмір жолында геологиялық барлау және мұнай, газ кен орындарын іздеп табу, оның жалпы және өндірістік қорларын анықтау жұмыстарын басқарып, ежелгі сары дала Маңғыстаудың «түлеген түбекке», Қазақстанның дүние жүзіне белгілі «қара алтын» өндірішкі елдер қатарына қосылуына теңдесі жоқ, орасан зор еңбек сіңірген геолог, оқымысты ғалым.

Жалпы, мамандардың пікірінше, В. Токарев, В. Нечаев, Ә. Нұрмановтар жетекшілік еткен МНГР геологтары басқа бірлестіктер мамандарымен салыстырғанда көш бойы ілгері тұрды. Олар күнделікті өндірістік жұмыстарымен бірге академиялық және ғылыми зерттеу институттарымен тығыз байланыста болды, қорланған мәселелерді аймақтық, республикалық, одақтық симпозиум, конференцияларда ғалымдармен бірге талқылады, ұсыныстарын, болжамдарын сол кездегі одақтық және салалық ғылыми-техникалық журналдарда үнемі жариялап отырды. Соған мысал, тек одақтық ғылыми-техникалық басылымдарда кейде өзі, кейде басқа мамандармен бірігіп, жалпы саны 50-ден астам зерттеу мақаласын жазған. Әдекеңнің «О методике подготовки площадей под разведочное бурение на Южном Мангышлаке» деген мақаласы 1970 жылы «Недра» баспасында басылған «Геология СССР» деген көп томдық еңбектің ХХІ томына еніпті. 1975 жылы «Недра» баспасынан «Геология нефти и газа»

Әділ Нұрманов ағамен бір кездесуім жайында

Жақында Маңғыстаудағы Жетібай, Өзен, Теңге, Тасболат, Шығыс Жетібай, Бозашыдағы кен орындарды ашуда орасан зор еңбегімен аты шыққан, сол кен орындарды «Алғаш ашушы» атағының иегері, Маңғыстау геологтарының ақсақалы Әділ Молдашұлы Нұрманов ағамыз 90 жасында өмірден өтті. Марқұм Әділ ағамыздың атын облыс, республика және бұрынғы Одақтық геологиялық барлау және мұнай, газ іздеуі саласының мамандары, ғылыми зерттеу институттарының академиялық топтары жақсы білетін және қадірлейтін еді.

журналының бесінші номерінде В.В.Грибковпен бірлесіп жазған «Полуостров Бузачи - новый нефтеносный район Западного Казахстана», 1976 жылы Ленинградта жарияланған «О роли структурно-поискового бурения в повышении эффективности геолого-поисковых работ на полуострове Бузачи» деген және басқа да мақалалары жоғарыда отырған академиялық топтар назарын бірден өзіне аударған, өте құнды еңбектер қатарынан көрінген. Осылайша, кешегі менсінбей жоғарыдан қарап отырған одақтық ғалымдар мен басқару органдарының жетекші мамандары, Бозашының тұзды сорында белуардан батышқы кешіп жүрген қарапайым геологтан ақыл сұрауларына тура келді. Әттең, Әдекең ғылыми жұмыспен айналысып, еңбек қорғап жатса, ғылыми атақтардың бәрін алар еді деген ой келеді кейде...

6-7 жылдай болып қалды-ау деймін, сірә, наурыздың ортасы болуы керек, алдағы «геологтар күні» құрметіне, облыстық телестудия бір топ сала ардагерлерін жинап, сұхбат өткізді. Шақырылғандар арасынан бір-екеуі денсаулығына байланысты келе алмады. Қатысқандар арасында марқұм Ә.М.Нұрманов ағамыз бастаған геологиялық барлау және мұнай іздеу саласының 2-3 ардагері, ішінде мен де болдым. Тележүргізуші бәрімізді алдағы мереке, «геологтар күнімен» құттықтады. «Бүгінгі кездесуге «қазыналы түбек геологтарының атасы» атанған Әділ Молдашұлы Нұрманов келіп отыр,

ағаға сөз береміз» - деп, микрофонды ұсынды.

Әдекең микрофонды алып, «Мен 80-нен асып бара жатқан қартпын ғой, сөйлесем ұзаққа кетіміз мүмкін, уақытты тиімді пайдалану үшін, сіздер сұрақ беріңіздер, мен жауап берейін, дұрысы осы болар» деп, жүргізушіге қарады. Оғанда керегі сол екен, бірден қоштай кетті. Түрлі сұрақтар берілді, ағамыз саспайтын, асықпайтын әдетіне салып, бәріне де нақты материалдарға негізделген салиқалы жауаптарын қайтарды.

Арамыздан біреу Әдекеңе «Мұнай, газ іздейтін геологтар пайдалы қазбалар іздейтін әріптестеріне қарағанда үлкен сауатты, білімдері де жоғары, көп ізденулерін бұрынғы саяхатшылар жазып қалдырған кітаптар мен ғылыми-техникалық журналдардағы материалдар негізінде жазды. Олар, сияқты иықтарында мылтық, рюкзактарында балға мен кирка, тапқан тастарын арқалап, орман мен даланы, тау мен тасты жерлерді не атпен, не жауу кезбейді, барлығын кабинеттерде отырып шешеді, сондықтанда жұмыстары жеңіл деп есептеймін. Сіз бұған не айтасыз?» деген сұраққа, ол өзіне тән сабырлылықпен: «Шырағым, олай деп айта, уақыт тауып, қолың тигенде менің О. Көшбаймен бірлесіп жазған, баспадан 2004 жылы шыққан «Бозашы - Маңғыстаудың екінші тынысы» деген кітабымды оқы, ал оны азық көрсен, өлкемізге белгілі журналист Н.Ю. Задерещаяның 2006 жылы басылған «В.Токарев»», «Олар алғашқылардың бірі

болды» атты кітаптарынан мұнай, газ іздейтін барлау саласының геологтары жөнінде біраз мәліметтер аласың. Жетібай, Өзен, Теңге, Тасболат, Қарамандыбас, Шығыс Жетібай, Доңға, Еспелісай және Бозашыдағы «геологиялық ашулар» тарихымен танысасың, барлық қиыншылықтар мен сәтсіздіктерге қарамай, ұзақ және табанды түрде жүргізілген ізденулердің нәтижесінде мүмкін болғандығына көзінді жеткізесің және бұдан былай, бұндай сұрақты қоймайтын боласың» дегені есте қалыпты.

Студияда бас аяғы бір сағаттай болдық, тағы да 2-3 ардагер қысқа естелік айтты, үзіліске шықтық. Қасындағы бос бөлмеде ыстық шәй дайындалынып қойылған екен. Дастархан басындағылар шай іше отырып, Әдекеңнен МНГР-дың Оңтүстік Үстірттегі барлау алаңдарын бұрғылап жүріп, араға 15 жылдай уақыт өткенде, бұрынғы Бозашы түбегіне қайта оралуының себебін сұрады. «Айт десендер айтайын, бұл ұзақ әңгіме болуы мүмкін, себепсіз ештеңе басталмайтынын өздерінде білесіңдер ғой» деп жымиып, әңгімесін жалғастырды.

«1968-1972 жылдар трест ұжымы үшін өте ауыр болды, Оңтүстік Маңғыстаудағы барлау алаңдарынан қазылған ұңғылар «құрғақ» болып шықты, бұрғылау (проходка) жоспары асыра орындалғанымен, мұнай қоры жөніндегі мемлекеттік тапсырма орындалынбады. Республикалық, Одақтық министрлік мамандары және кейбір ғылыми зерттеу институттар ғалымдары арасында «Маңғыстау берерін беріп болды, ақша босқа шашылмасын, бұрғылау жұмыстарына бөлінген қаржыны кеміту керек» деген жаңсақ пікірлер айтыла бастады. Бозашы аймағы орталық ғылыми журналдар мен жинақтарда мұнай мен газ іздеуге перспективасы жоқ деп жарияланды. Сол 1970 жылғы Москвадан шығатын «Перспективы нефтегазовости СССР», «Недра» журналдарында жарияланған әділетсіз мақалалар көп нәрсеге кедергі болды. Ой қайсы бірін айтасын, талайлар бастан өтті ғой, тыңдаудан шаршаған жоқсыңдар ма?» деп Әбекең отырғандарға жымия қарады. «Бәрі де айта беріңіз» деп қоштағасын, әңгімесін одан әрі жалғастырды.

«Халық шаруашылығын басқару жүйесіндегі артық буындарды қысқарту және өндірістің экономикалық тиімділігін арттыру туралы» КПСС Орталық комитеті қаулысына сәйкес, 1972 жылы МНГР тресі кешенді экспедицияға (КЭ МНГР), қарауындағы мұнай, газ барлау экспедициялары (ЖНРЭ, КНРЭ, ЮМНРЭ) дербестігінен айырылып, аудандық инженерлік-техникалық қызмет болып қайта құрылды, Жетібай, Ақсу барлаушылары Құрыққа көшірілетін болды. Әр кезде, аты үнемі өзгеріп отырған геологиялық іздеуі конторы, кейіннен Ірілендірілген құрылымдық экспедиция, соңында геологиялық іздеуі партиясы (ГПП) деп аталған біздің шағын ұжымға, одақтық бюджеттен бөлінетін қаржы жыл сайын азая берді, тіпті келесі жылы мүлде тоқтатылады дегенді естідік. Жігіттер ренжи бастады, партия басшыларының бірі ретінде мені де бұл жағдай қатты ойландырды. Қалай болса да ұжымды сақтау үшін, жаңа алаңдарға шығып, мұнай, газ кен орындарын табуымыз керек. Қатты ойландым, кейбір күндері түні бой кірпік қақпай, ұйықтай алмаған кездерім жиіледі. Мен қалайда, мұнай табылса осы Бозашыдан табылады деген сенімде болдым, оған

біріншіден өткен ғасырда Г.С. Карелиннің Қайдақ шығанағындағы су бетінен мұнай белгілерін байқауы, екіншіден 1960 жылғы Бүкілодақтық ғылыми зерттеу, барлау институты (ВНИГРИ) қаздырған «Долгинец-7» ұңғысынан кездестірген мұнай мен газ белгісі және осы араның байырғы тұрғыны Дүйсеке Ақмурзиннің әкесінен естіген, ағылшындардың сор ішінен мұнай тауып, оны бөшкелермен кемеге тиеп жібергені, артынан жергілікті отырықшы елден жүн жинап, ұңғы аузын мықтап тығындап, үстін адам таба алмайтындай етіп тегістеткен» деген әңгімелері мұрындық болды. Соңғы әңгімені тиянақтау үшін, мен қасыма В.Грибков пен Д. Ақмурзинді ертіп жолға шықтым. Езіліп жатқан сордың батпағына машина батып қалғасын, жаяу жүруді жалғастырдық. Сордың ортасындағы биіктігі 0,5-1,5метрдей, төбелері қызғылт қоңыр, конус тәріздес бірнеше төбешіктерден жылымшылап, газ аралас су шығып жатыр екен. Қатты қуанғаннан аяқ киімімнің біреуінің сорда қалғанында байқамаппын. Міне осылай, Солтүстік Бозашы дөңінен табылған «грифондар» бұл құрылымда мұнай мен газ бар екеніне мені қатты сендірді. Осы ізденістер нәтижесінде, ғылыми-техникалық журналда «Грязевые сопки нового поискового признака на нефть и газ в западном Казахстане» деген мақалам басылды. Мен шаршадым, ендігісін кітабымнан оқырсыңдар, көптен бері ол жаққа денсаулығым көтермей баруды сиретіп алдым. Жалпы мына мәліметтер Қаражанбаста бұрғылау шебері Санақ Таяновтың бригадасы қазған К-12 құрылымдық бұрғылау ұңғысынан 1974 жылдың 26 қаңтарында 302 метр тереңдіктегі төменгі бор шөгінділерінің неокон қабатынан атқан алғашқы мұнай тасқыны, Бозашы мұнайлы аймағының ашылған күні болып, өлке тарихында мәңгі жазылып қалды. 19 мамыр 1975 жылы Солтүстік Бозашы құрылымында С.Таянов бригадасы қазған №122-інші ұңғыдан 356-386 метр тереңдіктен тәулігіне 50 текшеметр таза мұнай берген, түбектегі екінші кен орны ашылды. Ал, 1976 жылы желтоқсанның 21-де Жалғызтөбе алаңында бұрғышы Еркінше Төрехановтың №142 ұңғымасынан төменгі бор қабатынан мұнай алынып, тағы да кен орны табылды. Осылардың артынан көп кідірмей, 1976 жылғы 30 қаңтарда Қаламқас барлау алаңында А.И. Волчаев бригадасы бұрғылаған К-1 ұңғымасынан газ атқылды. Сол алаңнан М.И. Кривцов басқаратын бұрғылау бригадасы қазған №3-терең барлау ұңғысынан 847-860 метр аралығындағы юра шөгіндісінен тәулігіне 200 текше метр өнім беретін мұнай фонтаны алынды.

Енді ашылған кен орындарды жүйелі түрде зерттеп, оларға өндірістік баға беру керек болды. Мен Х.Ж. Әзбекқалиев, В. Токаревпен бірлесіп, бұрынғы бөлек-бөлек, үш кезеңнен тұратын геологиялық іздеуі, барлау және өндірістік баға беру жұмыстарын біріктіріп, бір мезгілде баға беру әдісін ұсындым. Нәтижесінде осы үш кен орындағы мұнай мен газ қорлары үш-төрт жыл ішінде есептелініп, 1978 жылдың тамыз айында Кеңестер Одағының кен қорлары жөніндегі комитетінде (ГКЗ) жоғарғы бағамен қабылданылып, бекітілді.

Бүгінгі таңда Маңғыстау облысы бойынша өндірілетін мұнайдың тең жартысын беріп тұрған Қаражанбас, Солтүстік Бозашы, Қаламқас, Арман,



2006 жыл.

Жалғызтөбе кен орындарын ашқанымызға мақтанамыз. Теңіз деңгейі көтеріліп, су астында қалған мұнайы бар Қаратұрын, Аралды және сол сияқты құрылымдарды бұрғылау уақытша қазіргі түр, болашақта тиянақты зерттеуді қажет етеді. Осы «геологиялық ашулар» 1978 жылы Мұнайлы ауданының дүниеге келуіне тікелей себепші болғанын айта кеткен де орынды. Ал енді Бозашы түбегі кен орындарындағы қалыптасқан қазіргі жағдайды, күнде болып жатқан өзгерістерді менен ғарп Сіздер жақсы білесіңдер, қызмет жасап жатырсыңдар, барып тұрасыңдар, бәрін көріп жүрсіндер» деген еді.

«Жалпы мен бұл өмірде атақ шығарып, мансап құмаған адаммын. Кездескен сансыз көп қиыншылықтарға қарамай, Жетібай, Өзен және өзімнің шешіміммен іске асқан Қаражанбас, Солтүстік Бозашы, Қаламқас, Арман сияқты жаңа мұнайлы алаңдардың ашылғанына шексіз қуанамын, мақтан тұтамын, өзімді бақытты санаймын» деп әңгімесін аяқтады.

Кездесу уақыты біткеннен кейін, теледидар қызметкерлеріне, Әдекең ағаға рақметімізді айтып, үйлерімізге тарадық. Жол жөнекей үйге келе жатқанда қасымдағы жолдастарымның: «Ойпырмай, ағамыз қандай қарапайым адам еді, мемлекеттен алған атақтары мен ордендері туралы ештеңе айтпады-ау» дегеніне, екіншісі «Өйтпесе, ол Әдекең бола ма, ұлы адамдар осылай болатын шығар» деп жауап берді.

Үйдегі кітаптардан Әдекеңнің: 1966ж. «Кен барлау ісінің үздігі», 1970ж. «Қажырлы еңбегі үшін», 1972-1974 жылдарда «Жер асты байлықтарын игерудегі еңбегі үшін», «Еңбек ардагері» медалдары және 1974 ж. «Өзен кен орнын алғашқы ашушы», 1985 ж. «Бозашы мұнайлы аймағын алғаш ашушы» дипломдары мен «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» ордендері, Маңғыстау облысы, Ақтау, Жаңаөзен қалаларының құрметті азаматы атақтарымен марапатталғанын білдім, ал мерекелік тойларда беріліп жатқан төстік белгілер мен мақтау қағаздары, айтпаса да жеткілікті.

Ертедегі ғұламалардай, өзінің тиянақты біліміне сеніп, көп басшылар мен ғалымдардың пайымдауына қаймықпай қарсы тұрып, Маңғыстаудағы МНГР ашқан барлық кен орындарының құрылымын анықтап, терең бұрғылау жұмыстарына дұрыс бағыт беріп дайындаған, «Маңғыстау мұнайшыларының екінші тынысы» деп аталған Бозашыдағы мұнай-газ кен орындарын ашып, еліне орасан зор ырыс сілаған, Әділ Молдашұлы Нұрманов ағамыздың жарқын белнесі есімізде мәңгі сақталатын болады.

Сатыбалды Нұрлыбекұлы - геологиялық барлау және мұнай іздеу саласының ардагері, Қарақия ауданының құрметті азаматы, МНГР зейнеткері.

МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

ЕҢБЕКТИҢ НАНЫ ТӘТТІ

— Ата-бабамыздан келе жатқан «Еңбекпен тапқан нан тәтті» дейтін тәмсілді санамызға құйып өстік. Әр саланың өзіндік қиындығы мен қызығы қатар жүреді ғой. Өз ісінің нағыз маманы болу сөзсіз төзімділікті, үнемі үйренуді, ізденісті, әсіресе жауапкершілікті талап етеді. Қолыңнан іс келсе, адал еңбек ете білуің керек. Қара алтын қамбасының кіндігі саналатын Қаламқас кен орны мен үшін өте ыстық. Себебі 1989 жылы оператор ретінде жұмысқа орналасып, алғаш еңбек жолындағы тұсауым кесілген жер.

Майса Тәжімханқызы 1991-1993 жылдар аралығында «Қаламқас-мұнайгаз» өндірістік басқармасында геолог қызметін атқарғандығын сөз етті. Еңбек өтілі бақандай 35 жылды құрайтын Майса апай, бала күтіміне байланысты демалысынан кейін 1999 жылы операторлық жұмысын қайта жалғастырды. 2002 жылдан бастап ол №4 Мұнай және газ өндіру цехында ұзақ жылдар бойы есепке алушы, қазіргі атауы бойынша техник қызметін атқарып келеді.

— Кез келген жұмысқа немқұрайлылықпен қарау табиғатыма жат дүние. Алғаш №4 цехқа жұмысқа келгенімде бастығымыз Жалғас Иманбаевтың «Мына үш нәрсені жадыңызда ұстаңыз: табель, жеке қорғаныс құралдары, сонымен қатар айлық есеп дұрыс болса сізді ешкім мазаламайды да, іздемейді де. Жұмысыңызға мұқият болыңыз» деген сөзі әлі жадымда тұр. Қағазбасты жұмыстарымыз өте көп. Өндірістік

басқарма цехы жұмыскерлерінің жұмыс уақытын есепке алу табелін жасақтау, ай сайынғы материалдық есеп берумен қатар инвентаризация, Галактика бағдарламасымен жұмыс, бухгалтериямен тығыз байланыс, ауысым кестесіне байланысты жұмыскерлердің жұмысқа шығуын қадағалау, тамақ ішуге арналған карточкалармен қамтамасыз ету секілді үздіксіз жұмыстар бүгінде жаттанды әдетімізге айналғандай, — дейді жұмыс барысын тізбектей тарқатқан мұнайымдық жұмыскер.

Жаратылысынан болса керек, ерінуді білмейтін, жұмысына беріліп кірісетін М. Ғұбайдолланың өзгелерге үлгі кең жүрекшелігін, шыншылдықты жоғары қоятындығын, сондай-ақ қайшылықта да, жайшылықта да өз таным-пікірін ашық білдіре алатындығын, керек жерде көмек қолын соза алатын адамгершілігін жанындағы әріптестері де жоғары бағалайды екен.



Ол туралы Қалиса Кисикова:

— Майса апаның бір жақсы қасиеті — кісінің сыртынан сөз айтпайды. Жұмысқа қажетті ақпараттарды дер кезінде бөлісіп, шұғыл әрекет жасай алады. Ұжым арасында татулықты ту ететін беделі мен белсенділігі айрықша. Көргені көп рухани бай адам ғой, — дейді.

Ыстық-суыққа қарамай жұмыстың басы-қасынан табылатын мұнайшылар еңбегін қашан да басты назарда ұстайтын басшылық тарапы жұмыскер Майсаны бірнеше рет құрмет грамотасымен, алғыс хаттармен марапаттап, Қазақстан мұнайының 125 жылдығына арналған Қазақстан Республикасы Энергетика Министрлігінің мерейтойлық төсбелгісін де таққан.

Бір отбасының тірегі, үш баланың аяулы анасы кейіпкеріміз жұмыстан бос кезде ұлттық қолөнерді дәріптеп, тігін тігумен, бедерлі шашақ жасаумен айналысады екен. Кезінде анасы сыйға тартқан жез самаурынды және сүйікті әжесінен қалған жадағайды көзінің қарашығындай сақтап, келер ұрпаққа аманат етуді көздейтіндігін тілге тиек етті. Ұяда көргенін ұшқанда іліп, ізетті келін бола білгенін, қонақ күту мен дастарханды қамдауды сүйікті қайын апасынан үйренгенін де жасырмады.

Өмірден көргені мен түйгені бар, өндірістен тәжірибе ретінде жиғаны көп әріптесімізге біз де өз тарапымыздан деніне саулық, ісіне береке тілейміз.

АТА-АНАНЫҢ ІЗІН ЖАЛҒАДЫМ

— Адамның қандай болып өсуі оның ата-анасына байланысты деп ойлаймын. Жарты өмірін мұнай саласына арнаған асылдарым: әкем Шолтыр Жұбатқанов — атақты мұнайшы, шешем Қанзиба Есмүрзина — белгілі геолог болды. Олардың еңбек жолындағы жүріп өткен ізі мен тағылымы халықтың есінде де, менің жүрегімде де сайрап жатыр ғой. Сүрген дәуренінде адал жолмен табыс тауып, құнарлы қойнауудың кенін өндірумен айналысқан ерен еңбектері маған да өнеге болып, жастайымнан осы салаға қызмет етуді жөн көрдім.



Гүлбаршын Жұбатқанова «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының №2 Мұнай және газ өндіру цехында 5-дәрежелі оператор болып жасайды. Елеулі жылдарды артта қалдырған әріптесіміздің еңбек өтіліне де 37 жыл толыпты. Таңсәріден күн батқанға дейін Компанияның үздіксіз дамуы үшін атқарып келе жатқан жұмысын қалтқысыз орындайтын Гүлбаршын өзіне жүктелген еңбек міндеттерін тиянақты орындайтын жауапкершілігі мықты маман. Кезінде бірнеше адам күші жұмылдырылатын жұмыс көзінің қазіргі таңда заманауи аппараттармен жасақталып, автоматты түрде басқарылатынын, жаңаша технологиялар енгізілгендігін сүйсіне баяндаған жетібайлық мұнайшы:

— Қай жұмысты алып қарасаңыз да табандылықпен оның тетігін таба білуің керек деп ойлаймын. Өндіріс орнындағы жағдай өте жақсы, заманауи. Ер адамның, әйел адамның жұмысы деп бөлмейміз, орайы келген істі атқара береміз. Тәуліктік мұнай беру нормасын есептейтін автоматты жүйені бақылау, мұнай тұрбасының жарылуына, шикізаттың төгілуіне

жол бермеу, мұнай өнімділігін қадағалау сынды күнделікті жұмыстарымыз үйреншікті болып кетті ғой. Топтық қондырғыда істің мән-жайын көрсете жүріп, бірлесе атқарған мұнайшылар қазір аға операторлыққа дейін көтерілді. Үйрете жүріп үйренуден жалыққан емеспін, — дейді.

Қиындыққа төзімділігін бала кезден шыңдап өскен мұнайымдық Гүлбаршынның өмірлік серігі де осы мекемеге еңбегі сіңген мұнайшы екен. Отбасындағы жалғыз ұлдың жары болып, ата-енесін құтты мекеніне аттанғанша балаша бағып-қағып, батасын алған Гүлбаршынның сынға түскен сәті де аз емес көрінеді. Жолдасы ұзақ жылдар бойы ауыр сырқатқа шалдығып, төсек тартып жатса да оның бабын жасай жүріп, төзімділігі мен беріктігінің арқасында шиеттей алты баланы оқытып, тоқытқан. Алдын аяқтандырып, арқаның төріне отау шығарған, қызды қияға қондырған ержүрек ана десек те болады. Өмірлік қағидалар мен салт-ғұрыптарды өзінің қызметімен ұштастыра білген, қандай сынаққа да мойымайтын нәзік жандыға қалай таң қалмайсың?...

«Тәртіпке бағынған құл болмайды» деген қағиданы санасына сіңірген мұнайшы қыз басшылықтың шешімін заң көреді екен. Жүрек қалауымен таңдалған мамандығы бойынша жұмыс істеу — өмір сүрудің материалдық қана емес, моральдық та көзі екенін жақсы біледі ол. Басшылық тарапынан бағаланған еңбегіне қарай марапат қоржыны да түрлі мақтау қағаздары, құрмет грамоталары мен мерейтойлық медальдарға толған көрінеді.

Бар ғұмырын отбасы мен іргелі мұнай кәсіпшілігіне арнаған Гүлбаршын апайдың ұлттық салт-дәстүрді ұлықтап, ұлылардың ұлағатты сөздерін ұрпағының санасына сіңіріп отырған асыл қасиетін айтпай кетуге болмас. Тәрбиелеп отырған ұл-қыздары мен немере-жиендері бүгінгі өзінде «әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішердің» үлгісін әспеттеп жүрсе керек.

Өндірістік мекеменің асқақтауында өзіндік қолтаңбасы бар жанкешті еңбек адамына біз де өз тарапымыздан денсаулық пен табыс, отбасына амандық тілейміз! Тәңірден тілегеніңіз бұйырып, ұрпақ рақатын көріңіз демекпіз.

Айсұлу Мұханова,
ӘҚД 1-санатты аудармашысы

ЕҢБЕКТЕН — ЗЕЙНЕТКЕ:

Қоспай Баймағамбетовтің 45 жылдық еңбек жолы

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның көлік департаментінде 45 жыл бойы еңбек еткен Қоспай Баймағамбетов құрметті еңбек демалысына шықты.



Қоспай аға өз ғұмырын мұнай саласының өркендеуіне арнаған азамат. Қызмет барысында қаншама жаңашылдықтың куәсі болып, өндіріс саласының даму белестерін өз көзімен көрді. Ол көлік жүргізушісі ретінде күн сайынғы қажырлы еңбегі арқылы компанияның тұрақты жұмыс істеуіне үлес қосты.

Осы жылдар ішінде Қоспай Баймағамбетов тек кәсіби біліктілігімен ғана емес, сабырлы мінезі, жауапкершілікке толы қызметімен де ерекше танылды. Әріптестері арасында сыйлы, жастарға үлгі бола білген ағамыздың еңбегі — шынайы құрметке лайық.

Маңғыстаудың сайын даласында, мұнайлы өлкеде өткен қажырлы еңбек жылдары бүгінде өз жемісін беріп, абыроймен зейнетке шығарып отыр.

«Маңғыстаумұнайгаз» ұжымы атынан ғұмырының жаңа белесіне аяқ басқан Қоспай ағаға ақ жол, денсаулық пен ұзақ ғұмыр тілейміз!

Құрметті демалысыңыз мейірім мен шаттыққа толы болсын!

ЖҰМЫСҚА МЕРЕКЕГЕ КЕЛГЕНДЕЙ КЕЛЕМІЗ

Адамның еңбекке жарамды жылдарын ерікті, рахаттана жүріп өткізгеніне не жетсін?! Өзі жасап жүрген жұмысын жақсы көру, жақсы көрген жұмысын жасау да олжа. «Oil Construction Company» ЖШС Жетібай құрылыс-құрастыру қызметінің 5-дәрежелі құрылыс құрамдарын құрастырушысы Қайрат Құлдашев мамандығына жан дүниесімен, бар ықыласымен берілген жан.

Жетібай кенорнында шыны талшықты мұнай құбырын сынақтан өткізіп жүрген Қайрат Қуатұлымен жолыққанымызда «Құбырларды құрастырып, дәнекерлеуге дайындаймыз. Жұмыстың оңайы болмайды, бірақ ебін тауып, бар ықыласыңмен жасасаң жеңілдей түседі. Біз де осылай қыстың аязында, жаздың ыстығында траншеяда жүреміз. 40 жылдай табан аудармай бір салада келе жатырмын. Кәсібім өзіме ұнайды, жұмысқа мерекеге келгендей келеміз», - деп ақтарылды ол.

Қайрат Құлдашев еңбек жолын «Маңғышлақ мұнай-газ құрылыс-монтаж учаскесі» кешенді экспедициясынан бастаған. 1985-1987 жылдары әскерде болып, азаматтық борышын орындайды. 1988 жылдан бастап мұнара монтажының моторисі болып қызмет

етеді. Одан соң «Маңғыстау-геология» АҚ-да 2005 жылға дейін мұнараларды құрастырушы қызметін атқарады. Сол жылдан бастап «Oil Construction Company» ЖШС-да еңбек жолын жалғастырады.

Қайрат өзінің жақсы шәкірттер тәрбиелегенін, білгенін үйретіп, тәжірибесімен бөліскенін, қазірде олардың әр салада мықты мамандар болып қызмет атқарып жүргенін айтады. Елуді еңсерген кәсіби маманды басшылары да жақсы қырынан танып, бағалап жүр.

«Қайраттың біздің компанияда қызмет етіп жүргеніне біраз уақыт болды. Әуелде бұрғылау қондырғыларын арнайы техникалармен көшіретін едік, ол мұнара монтаждаушы болып келді. Содан бері бір бағытта өндірістің алға басуына қызмет етіп келеміз. Қайрат қарапайым азамат, жұмысына тиянақты, берген тапсырманы сапалы орындайды» деді Жетібай құрылыс-құрастыру қызметінің аға жұмыс ұйымдастырушысы Мұрат Жұмабаев.

Қайрат Құлдашев отбасында жұбайымен бірге 3 ұл тәрбиелеп өсірген асқар тау әке, 2 келіні, 3 немересін қызықтап отырған ардақты ата.

Индира Сәтенбай
«Oil Construction Company» ЖШС

МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ



ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТЕЛЕЙТІН ЖОЛ

Қазіргі заманда бәсекеге қабілетті болу үшін кез келген компания жаңа технологияларды меңгеріп, кәсіби мамандардың дағдыларын үздіксіз жетілдіруді мақсат етеді. «Oil Services Company» ЖШС (ОСК) осы бағытта тың бастамалар жасап, ішкі оқыту жүйесін енгізу арқылы еңбек өнімділігі мен сапаны арттыруға үлес қосып келеді.



Компанияның бұл қадамы қызметкерлердің әлеуетін ашуға мүмкіндік беріп қана қоймай, өндірістік процестерді оңтайландыру мен қауіпсіздік стандарттарын күшейтуде де озық үлгі болуда.

Білім – басты құндылық

ОСК – ҚазМұнайГаз ҰК АҚ-ның еншілес кәсіпорны ретінде өз жүйесінде «Ысырапсыз өндіріс» қағидаттарын табысты жүзеге асырып жатқан алғашқы компаниялардың бірі. Бұл бағытта компания TWI (Өндірістегі оқыту) әдістемесін негізге алып, жүйелі түрде ішкі тренингтер өткізу арқылы өндірістің әр деңгейінде білім беру мәдениетін қалыптастыруда.

Мұндай оқыту жүйесі қызметкерлердің тек кәсіби шеберлігін арттырып қана қоймай, олардың компанияның дамуына қосатын үлесін айқындай түсуде. Осылайша, компания мамандары өздерінің білімдері мен тәжірибелерін әріптестерімен бөлісіп, ортақ жетістіктің бір бөлшегіне айналып отыр.

Ішкі тренингтердің маңызы

ОСК ішкі жаттықтырушылар командасы қазіргі уақытта мынадай тақырыптарда тренингтер өткізуде:

- «Ысырапсыз өндіріс негіздері»;
- «Кәсіби Excel бағдарламасының 30 негізгі формуласы»;
- «Компанияны өзгертетін таныстырылым жасау»;
- «Цифрлық біліктілік негіздері»;

➢ «Самұрық-Қазына қоры компаниялар тобының сатып алулар ережелеріндегі өзгерістер».

Бұл бағдарламалар қызметкерлерге кәсіби дамуға жол ашып, олардың жұмысқа деген қызығушылығын арттыруда. Сонымен қатар, көпшілік алдында еркін сөйлеу, қарым-қатынас дағдыларын жетілдіру және өз білімін жүйелі түрде жеткізу қабілеттерін шыңдауға мүмкіндік беруде.

Алдағы жоспарлар

Болашақта ішкі оқыту жүйесіне мынадай жаңа тақырыптарды қосу жоспарлануда:

- «Бұрғы ұршығын және бұрғы ротор-ларын жөндеу»;
- «Тиімді бюджет жасау»;
- «Процестерді басқару»;
- «Процестерде жасанды сана қолдану»;
- «Жобаларды басқару».

Бұл тақырыптар өндірістік тиімділікті арттырумен қатар, қызметкерлердің инновациялық технологиялармен жұмыс істеу қабілетін дамытуға бағытталған.

Көшбасшылардың көзқарасы

«Біздің мақсатымыз – өздігінен дамитын, жоғары тиімділігі бар жұмыс күшін қалыптастыру. Сондықтан ішкі жаттықтырушыларымызды үздіксіз жетілдіруде көшбасшы болуға ынталандырып келеміз», – дейді Бас директорының персоналды басқару, еңбек ақы төлеу және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Берден Дюсенбиев.

«Oil Services Company» қызметкерлері өз кәсібиліктерін арттыру арқылы компанияның өркендеуіне үлес қосуға құлшыныс танытуда. Ішкі оқыту жүйесі – тек білім беру алаңы ғана емес, өндіріс сапасын арттыру мен компания мәдениетін нығайту құралы.

Бұл бастама «Oil Services Company» ЖШС-ның тұрақты дамуды мақсат еткен, қызметкер мен компанияның мүддесін ұштастырған инновациялық компания екенін тағы бір дәлелдеп отыр. Осындай жүйелі жұмыстардың арқасында ОСК алдағы уақытта да еліміздің мұнай-газ саласының алдыңғы қатарында болатынына сеніміміз мол.

«Oil Services Company» ЖШС

ОЙ ДОДА



2024 жылы Қазақстан мұнайына 125 жыл толуына орай «Мұнайтелеком» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жас мамандар Кеңесі ұйымдастыруымен зияткерлік «Ой дода» сайысы өтті.

Ойынға мекеменің орталық аппаратынан бөлек, Жаңаөзен, Жетібай, Қаламқас кен орнында еңбек ететін жұмысшылардан құралған 8 топ қатысты. Жарыс барысында қатысушылардың білімі мен шығармашылық қабілеттері жоғары бағаланды. Тартысты 5 турдан құралған ойында «Әжемнің шәйі» командасы топ жарды. Сайыс қорытындысы бойынша жеңімпаздарға арнайы сыйлықтар мен алғыс хаттар табысталды. Ұйымдастырушылар барлық қатысушыларға алғыс білдіріп, мұндай шаралардың алдағы уақытта да жалғасатынын атап өтті.

Қазақстан мұнайының 125 жылдық мерейтойы – бұл еліміздің даму тарихындағы маңызды белес. Осындай шаралар арқылы жастардың осы тарихи мұраны бағалап, оны одан әрі дамытуға деген қызығушылығы арта түсетіні сөзсіз. Қара алтын қоры сарқылмай, еліміздің ертеңі үшін игеріле берсін деген тілектеміз!

«Мұнайтелеком» ЖШС



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

MMG CUP – 2024: ОТ ТРИЛЛЕРА ДО ДРАМЫ



На месторождении Каламкас завершился масштабный турнир по мини-футболу в котором принимали участие 15 команд из нефтедобывающих и сервисных компаний региона. В течение трех дней зрители были свидетелями ярких матчей, красивых голов и невероятно драматичных развязок.

По регламенту турнира 15 клубов были разбиты на четыре группы: команды занявшие первые и вторые места проходили в плей-офф. АО «Мангистау-мунайгаз» было представлено двумя коллективами – «MMG SBOR» и «MMG OFFICE».

Волею жеребьевки обе наши команды попали в одну группу и заняли в ней первое и второе место соответственно. В ¼ финала команда «MMG OFFICE» показала достойную игру, но к сожалению уступила футболистам «Мунайтелекома». В другом четвертьфинале «MMG SBOR» в невероятно упорном поединке победил сильную команду «Атриум» – 2:1 – и пробился в следующий круг соревнований.

В полуфинале «MMG SBOR» противостояли нефтяники «Мунайтелекома». Без преувеличения этот матч стал одним из самых драматичных на турнире. Основное время закончилось вничью со счетом 2:2 и победитель определялся в серии пенальти. Зрители замерли в ожидании победы хозяев соревнований, но удача в тот день была на стороне «Мунайтелекома», а нашу команду теперь ожидала битва за бронзовые медали.

Не менее напряженным оказался и другой полуфинал в котором встречались «Казтрансойл» и «OSC». И здесь после ничьи 2:2 в основное время,

победитель определялся в серии пенальти: в итоге чуть точнее и удачливее оказались футболисты «OSC», которые таким образом пробившись в финал.

В поединке за бронзовые медали встречались «MMG SBOR» и «Казтрансойл». И опять зрители, заполнившие трибуны местного спорткомплекса, стали свидетелями невероятно драматичного матча-триллера. Первыми счет открыли спортсмены «Казтрансойла», наши футболисты бросились отыгрываться, атаки шли одна за другой, но соперники успешно оборонялись. И лишь на последних минутах игры, при бешеной поддержке трибун «MMG SBOR» удалось восстановить равновесие – 1:1.

И снова судьбу матча решала футбольная лотерея – серия пенальти.

Увы, но фортуна благоволила нашим соперником: 2:1 по пенальти и «Казтрансойл» увозит бронзовые медали.

В главном поединке турнира встречались «OSC» и «Мунайтелеком», который в плей-офф обыграл обе наши команды.

В битве за золотые медали исход встречи решил единственный гол забитый футболистами «Мунайтелекома».

«Мунайтелеком» – чемпион!

Индивидуальными наградами были отмечены следующие игроки:

- Лучший защитник – А. Торетаев (ТОО «OSC»);
- Лучший нападающий – А.Узганбаев (АО «Казтрансойл»);
- Лучший вратарь – Р.Сиындыков (ТОО «Мунайтелеком»).

Поздравляем футболистов с заслуженными наградами, а команду «Мунайтелекома» с победой на турнире!

Соревнования прошли на высоком уровне и принесли массу положительных эмоций игрокам и болельщикам.



ЗОЛОТОЙ ДУБЛЬ!

Сразу две золотые медали завоевал наш коллега – товарный оператор ЦППН ПУ «Жетыбаймунайгаз» Рахимжан Бекбосынов – на чемпионате Казахстана по силовым видам спорта федерации WPSO.

В соревнованиях, которые проходили в Шымкенте, приняли участие более 50 спортсменов из разных регионов страны.

Рахимжан Бекбосынов, выступавший в категории среди ветеранов (45+), в дисциплине «жим штанги лежа» во второй попытке поднял вес 165 кг! Ни один из соперников не смог превзойти этот результат, и Рахимжан, у которого в запасе была еще и третья попытка досрочно завоевал золотую медаль.

В дисциплине «русский жим» необходимо поднять штангу максимальное количество раз. В своей попытке Бекбосынов совершил подъем штанги весом 100 кг – 28 раз! Ни одному из участников больше не покорилась эта величина.

Таким образом, Рахимжан стал двукратным победителем чемпионата Казахстана 2024 года по силовым видам спорта!

Напомним, что Р.Бекбосынов является мастером спорта Республики Казахстан по жиму лежа и неоднократным чемпионом страны по пауэрлифтингу.

Мы от всей души поздравляем нашего коллегу с блестящими результатами, и желаем ему, крепкого здоровья и новых спортивных побед!



	МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ Меншік иесі - "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ Редактор: Есназар Сұлтанов Редакция алқасы: - С. Галидуллин - Л. Жолдыбаева Дизайнер-беттеуші: Е. Айтбаев	Мекен-жайымыз: 130000, Ақтау қаласы 6 ш.а., № 1 үй, тел: 212-035, 211-861 211-885, 212-194 Газет айына 1 рет шығады. Тегін таратылады	Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г куәлігі берілген	➤ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді ➤ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды ➤ Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды	Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді. Индексі: 64265	«Атис» ЖШС баспаханасында басылды. Ақтау қаласы, «Дукат» ТҮ, 17 ш.а., 1 үй, 3 кеңсе тел: 8(7292)525 500
--	---	---	--	--	--	--